

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 3 беттің 1 беті

ОӘБ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАСҚАРМАСЫ, ҚР ДСМ ҒАРД, «ҚМУ» КЕАҚ ПИЛОТ ӘКІМШІЛЕРІ ЖӘНЕ ҰТЕО ӨКІЛДЕРІНІҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Формат: онлайн/офлайн

16 сәуір 2024 жыл

Zoom Конференция

<https://us06web.zoom.us/j/83668385490?pwd=jWgLqTh1JaOlzZ91QyVUSN08Q7akXw.1>

Отырыстың басталуы 14.30

Төрағасы – ОӘБ қызметін ұйымдастыру басқармасының басшысы С.И.Сыдықова

Хатшы - ОӘБ ғылыми хатшы А.А Султангазиева

Қатысты

ҚР ДСМ ҒАРД директордың орынбасары А.О.Мысаев

Медициналық білім бөлімінің меңгерушісі А.К.Изденов

«ҚМУ» КЕАҚ ректоры А. А.Тұрмұхамбетова

«ҚМУ» КЕАҚ проректоры В.П.Риклефс

«ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы білім алушылар мен ББ түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы К.К. Досмамбетова

КҮН ТӘРТІБІ

3 курс білім алушыларын тәуелсіз бағалау пилотына дайындық

ТЫҢДАЛДЫ:

ОӘБ қызметін ұйымдастыру басқармасының басшысы С.И.Сыдықова пилот мақсаты-тәуелсіз бағалау құралын пысықтау екенін еске салып, 2023-2024 оқу жылында 6 ЖОО-ның 3 курс студенттері, 3 білім беру бағдарламасы бойынша: Медицина (каз,орыс,анг), Педиатрия (каз,орыс), Стоматология (каз,орыс) қатысатынын нақтылады. ҚазҰМУ, СМУ, АМУ, ОҚМА, БҚМУ студенттерін «ҚМУ» КЕАҚ қызметкерлері іріктеп алды, ҚМУ студенттерін сол әдістеме бойынша ОӘБ қызметкерлері іріктеп алды.

«ҚМУ» КЕАҚ проректоры В.П.Риклефс

ҰЭО-мен бірлесіп «Медицина», «Педиатрия» ББ үшін ерекшеліктер бойынша тест тапсырмаларының банкі іріктелгенін, қосымша «ҚМУ» КЕАҚ 280 тест (орыс.казак. ағылшын тілдерінде) құрастырылғанын және сараптама жүргізілгенін хабарлады. Аккаунтарды қалыптастыру үшін деректері бар қатысушы жоғары оқу орындарының студенттерінің тізімдері жинақталған. Нәтижесінде пилотқа 1684 адам қатысуы керек. Студенттердің тізімдерін әлі де АМУ КЕАҚ (барлығында е-маил көрсетілмеген), БҚМУ КЕАҚ (шетелдік студенттерге деректер жоқ) нақтылайды.

	<p align="center">«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛГЫТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</p>		
	<p align="center">Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ</p>	<p align="center">Отырыс хаттамасы</p>	<p align="center">Редакция: 1 3 беттің 2 беті</p>

ҰТЕО-ға тізімдер мен тесттер жіберуге дайын.

«ҰТЕО» Денсаулық сақтау саласындағы білім алушылар мен ББ түлектерінің білімі мен дағдыларын бағалау бөлімінің басшысы К.К. Досмамбетова

«ҚМУ»КЕАҚ өкілінің сапарынан кейін ҰТЕО «Медицина», «Педиатрия» ББ үшін қосымша тесттер әзірледі. «АМУ» КЕАҚ-мен келісім бойынша жауапты стоматологтар «Стоматология» ББ спецификациясы бойынша 217 тестілерді салыстыруды жүргізеді. ҰТЕО ақпараттық жүйеге (АЖ) студенттердің деректерін енгізу және тексеру үшін тізімдерді күтеміз. Келесі отырысты жоғары оқу орындарының өкілдерінің қатысуымен өткізуді ұсынамыз.

«ҚМУ» КЕАҚ ректоры А. А.Тұрмұхамбетова

техникалық ерекшелік ББ (МЖМБС) оқыту нәтижелеріне негізделгенін нақтылады. Тест сұрақтарының базасы санына (барлық бөлімдерді қамтиды) және сапасына (қиындық деңгейі) сәйкес келуі керек, яғни білім беру бағдарламаларын бағалау құралы ретінде тестілеу процедурасын жақсарту үшін талдау және шешім қабылдау үшін жеткілікті болуы керек. Пилоттың мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, біз студенттердің оқу жетістіктерін бағалау немесе пилоттың нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарын саралау туралы айтпаймыз. Сондықтан пилоттың нәтижелеріне талдау жүргізіп, оны «Денсаулық сақтау» даярлау бағытындағы ОӘБ РОӘК отырысында талқылағанға дейін пилоттық тестілеу нәтижелерінің құпиялылығын сақтау туралы уағдаласу қажет.

ҚР ДСМ ҒАРД директордың орынбасары А.О.Мысаев тесттер саны бойынша нақтылау сұрақтарын қойды: медицина және Педиатрия ББ-730 тест (450- ҰТЕО, 280 –ҚМУ КЕАҚ) стоматология ББ-217 тест (ҰТЕО), тізімдерді ұсыну және пилотты өткізу күнін нақтылау.

ШЕШІМ:


1. «ҚМУ»КЕАҚ «Медицина», «Педиатрия» ББ үшін тест тапсырмаларын, сондай-ақ ҰТЕО қатысушы жоғары оқу орындары студенттерінің тізімдерін тапсырсын. Орындау мерзімі а.ж. 17 сәуір.
2. ҰТЕО, «ҚМУ» КЕАҚ өкілімен бірлесіп, тест тапсырмаларының базасына (қазіргі уақытта олардың 217-сі) техникалық ерекшелікке сәйкестігіне талдау жүргізу, ҰТЕО тест тапсырмаларының санын 300-450 тестке жеткізу. Орындау мерзімі а.ж. 18 сәуір және 25 сәуір.
3. Пилоттық тестілеуді ұйымдастырушылар 2024 жылғы 15 мамырға өткізуді жоспарласын.
4. ОӘБ жоғары оқу орындары өкілдерінің қатысуымен пилоттық тестілеуге дайындығын талқылау үшін кездесу ұйымдастырсын. Кездесу 3 мамырда сағат 9.00-де жоспарланған.
5. Ұйымдастырушылар ағымдағы жылдың маусым айында «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің (ОӘБ) отырысында жобаны

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ООБ	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 3 беттің 3 беті

талдауды талқылағанға дейін құпиялылықты сақтауы және пилоттық тестілеу нәтижелерін жария етпеуі қажет.

Төрағасы

Хатшы



С.И.Сыдыкова

А.А.Султангазиева